

**Ш.ЕСЕНОВ атындағы
КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

Ғылыми кеңестің шешімімен
(21.09.2017 № 1 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

**МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАДА ҚОРЫТЫНДЫ
АТТЕСТАТТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

АҚТАУ 2017

1. Мақсаты мен қолдану саласы

1.1 Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде (бұдан әрі – КМТИУ, университет) магистратура мен докторантурада қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізуді реттейді.

1.2 Магистратура мен докторантурада қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) КМТИУ ішінде пайдалануға арналған.

2. Жалпы ережелер

2.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбесі мен мамандықтардың жұмыстық оқу жоспарында қарастырылған мерзімде кешенді емтихан тапсыру және магистрлік (докторлық) диссертация қорғау түрінде өткізіледі.

2.2 Қорытынды аттестаттауға оқу жоспары мен оқу бағдарламалары талаптарына сай оқу үдерісін аяқтаған магистранттар мен докторанттар жіберіледі.

2.3 Бітіруші курстың білім алушылары жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және оқу жұмыс бағдарламасын орындамаса жазғы семестрден өткізілместен оқу курсын қайта оқуға қалдырылады.

2.4 Магистранттар мен докторанттардан кешенді емтихан алу және магистрлік диссертацияларды талқылау үшін университетте Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы (МАК) құрылады.

2.5 Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен ағымдағы жылдың 10 қаңтарынан кешіктірілмей МАК төрағасы бекітіледі: МАК төрағасы магистратура және докторантура мамандықтары бойынша - бітіруші мамандықтар бейініне сәйкес бейін бойынша және аталған ұйымда қызмет жасамайтын ғылыми дәрежесі бар доктор немесе ғылым кандидаты немесе PhD докторы академиялық дәрежесі бар тұлға бола алады.

2.6 МАК-тың құрамына оның мүшелері құқығында: Магистратура, докторантура мамандықтары бойынша - ғылым докторы және кандидаты ғылыми дәрежесі бар PhD докторы академиялық дәрежесі бар тұлғалар енеді.

2.7 Магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті (әрі қарай - Есенов университеті) ректорының бұйрығымен тізім бойынша бекітіліп, қорытынды аттестаттау басталуынан 2 апта бұрын МАК-на тапсырылады.

2.8 Мамандық бойынша кешендік емтиханға магистратура мен докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасының міндетті базалық және бейіндік компоненттері кіреді.

2.9 Кешенді емтихан ауызша, жазбаша жұмыс немесе тест ретінде өткізіледі: пәндердің оқу бағдарламасы бойынша бекітілген пәндердің тапсырмаларын маман даярлайтын кафедра әзірлеп, университет Ғылыми кеңесінде бекітеді.

3. Қорытынды кешенді емтиханды ұйымдастыру

Кешенді емтиханның бағдарламасы, өткізілу нысаны және тапсырма мазмұны Есенов университетімен осы кешенді емтиханға енген пәннің оқу

бағдарламасына сай жасалады.

3.1 Кешенді емтихан:

- магистрлік диссертацияны қорғауға дейін бір ай бұрын;
- докторлық диссертацияны қорғауға дейін үш ай бұрын қабылданады.

3.2 Кешенді емтихан нәтижелері магистратура мен докторантурада әрбір білім алушы бойынша хаттамамен рәсімделеді.

МАК отырысының хаттамасын шығарушы кафедрадан тағайындалған МАК-ның құрамында бекітілген хатшы жүргізеді.

3.3 Алынған бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.4 Кешенді емтиханның нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға беруге болады.

3.5 Апелляция өткізу үшін Есенов университеті ректорының бұйрығымен төраға, төраға орынбасары, біліктілігі аталған мамандықтың бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі бар тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

3.6 Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МАК мәжілісі хаттамамен рәсімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға _____ №

_____ хаттамамен қайта қаралды_ бет» деген жазумен өзгертіледі және оған қатысқан МАК-сы мүшелерінің бәрі қол қояды.

3.7 Кешенді емтиханда қанағаттанарлықсыз баға алған магистрант немесе докторант Есенов университеті ректорының бұйрығымен оқудан шығарылып, тұлғаға білімі аяқталмағандығы туралы Анықтама беріледі.

3.8 «Қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғаларға магистратурада және докторантурада қорытынды аттестаттау кезінде кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.9 Кешенді емтихан тапсырған магистрант немесе докторант диссертациялық жұмысты қорғауға жіберіледі. Диссертация қорғауға жіберу Есенов университеті ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

4. Магистрлік және докторлық диссертацияны қорғауға дайындық пен қорғау тәртібі

PhD докторлық диссертацияда плагиаттың бар жоғын анықтау мақсатында, диссертация міндетті түрде Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы жүзеге асыратын авторға және ақпарат көзіне сілтемесіз мәліметті пайдалану туралы тексеруден өтуі тиіс.

4.1 Магистратура білім алушыларының магистрлік диссертацияларын плагиаттан өткізу тәртібін университеттің өзі анықтайды.

4.2 Есенов университеті диссертацияның кафедра мүшелерінің 2/3-інің (екіден үші), ғылыми кеңесшілер және тиісті мамандық бойынша кемінде 2 (екі) маманның қатысуымен диссертация орындалған кафедраның (кафедралардың) мәжілісінде талқылануын қамтамасыз етеді. Докторант даярлықтан өткен Есенов университеті диссертациялық кеңеске мынадай құжаттарды ұсынады:

1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері (мемлекеттік құпиялары бар диссертациялар үшін, отандық кеңесшінің пікірі);

2) кафедраның оң қорытындысы;

3) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы (CD-диск) диссертация;

4) еңбектерінің тізімі мен жарияланымдарының көшірмелері.

Құжаттарды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қабылдайды.

4.3 Есенов университетінде диссертациялық кеңес болмаған жағдайда докторанттың Есенов университеті басқа ЖОО-да тиісті мамандық бойынша құрылған диссертациялық кеңеске жіберуді қамтамасыз етеді.

4.4 Құжаттар қабылданғаннан бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес қорғау күнін белгілейді және тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар екі рецензентті тағайындайды, олардың біреуі диссертациялық кеңес жұмыс жасайтын ЖОО-ның немесе Есенов университеті қызметкері болмауы тиіс. Осы ретте докторанттардың құжаттарының түсу кезегі ескеріледі.

4.5 Диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады. Мыналар рецензент бола алмайды:

1) ҚРБҒМ қадағалау және бақылау, Есенов университеті;

2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторы;

3) диссертация орындалған және/немесе докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ЖОО бөлімшелерінің немесе ғылыми ұйымдардың қызметкерлері;

4) диссертациялық кеңестің мүшелері.

4.6 Магистрлік диссертацияның қорғалуы төмендегі жағдайда жүзеге асады:

- ғылыми жетекшінің оң пікірі;

- диссертация тақырыбында кемінде 1 мақала ғылыми баспада жарық көруі;

- шығарушы кафедраның қорғауға жіберілгені туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі);

- қорғалатын жұмыс бейініне сай келетін маманның бір рецензиясы. Мұнда диссертацияның жан-жақты сипаттамасы, бағасы («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз») көрсетілген аргументті қорытындысы және сол мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесін тағайындау мүмкіндігі көрсетіледі.

Ғылыми жетекші тарапынан «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынуға болмайды» деген қанағаттанарлықсыз қорытынды берілген жағдайда, магистрант магистрлік диссертациясын қорғауға жіберілмейді.

4.7 Магистрлік диссертацияның қорғалу нәтижесі әрбір магистрант үшін жеке бекітілген түрдегі хаттамамен толтырылады.

4.8 Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергендігін растаған және магистрлік диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің шешімімен магистрлік диссертацияны комиссияда көпшілік алдында қорғаған білім алушыға тиісті мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесі беріледі және қосымшасымен бірге мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

Магистранттардың қорытынды аттестаттауы аяқталғаннан кейін МАК төрағасы магистранттардың қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы бірыңғай есеп жасайды және екі апталық мерзімде Есенов университеті ректорына ұсынады.

4.9 Магистранттардың қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы

бірыңғай есепке кестелер мен түсіндірме жазба енеді.

Түсіндірме жазбада:

- аталған мамандық бойынша Есенов университетіндегі магистрлардың дайындық деңгейлері;

1) кешенді емтиханда анықталған білім алушының біліміне сипаттама;

2) аталған мамандық бойынша магистрларды даярлау сапасын талдау;

3) магистрлік диссертациялардың ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай- күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі;

4) магистрлік диссертацияларды орындаудың сапасы;

5) магистрлік диссертацияларды қорғаудың деңгейі ғылыми жетекшісінің пікіріне, ресми оппоненттің рецензиясына сәйкестігі;

6) магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі нақты ұсынымдамалар жөнінде мәліметтер болады.

4.10 Магистранттарды қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы есепке МАК төрағасы қол қояды, университет Ғылыми кеңес отырысында талқыланады және бекітіледі.

4.11 Есенов университетінде магистратурада білім алушылардың қорытынды аттестаттауы аяқталғаннан кейін магистранттарды қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы есепті білім саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

4.12 МАК төрағасының есебіне білім беру жетекшісі қол қойған дипломның нөмірі, мамандығы, тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп жазылған магистратура бағдарламасын аяқтаған бітірушілердің тізімі тіркеледі.

4.13 PhD бойынша докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестер докторантураның әрбір мамандығы бойынша құрылады.

4.14 Жоғары оқу орнының басшысы диссертациялық кеңестің төрағасының, төраға орынбасарының, ғалым хатшысы мен мүшелерін көрсете отырып, докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің құрамын Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне (бұдан әрі - Комитет) жібереді.

4.15 PhD докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің құрамына шифры (коды), мамандығы аталған мамандықтың бейініне сәйкес келетін ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар тұлғалар кіреді. Осыған сәйкес, кеңестің кем дегенде үш мүшесінің шифры қорғалатын докторлық диссертациясының бейініне сәйкес келетін ғылым докторы ғылыми дәрежесі болуы керек.

4.16 Докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің сандық құрамы бес адамнан кем болмауы қажет.

4.17 Диссертациялық кеңестің құрамы білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі және үш жыл бойына жұмыс істейді.

4.18 Докторлық диссертацияларды қорғау ғылыми кеңесшілердің дұрыс пікірлері болған жағдайда жүзеге асырылады:

- Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда диссертация тақырыбы бойынша кемінде 10 (он) жарияланым, оның ішінде кемінде 3 (үшеуі) алыс шетелдердегі ғылыми басылымдарда, оның ішінде 1 (біреуі) цитата ретінде жиі алынатын (Scopus, Thomson ISI және басқалар) халықаралық деректер базасына енген шетелдік басылымдарда жариялануы керек;

- шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы

шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі);

- диссертацияны бекітілген комиссияда қорғауға ұсынымдамалар туралы сараптамалық комиссияның жазбаша қорытындысы;

- қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар (ғылыми немесе академиялық дәреже), диссертацияға жан-жақты сипаттама берілген және нақты бағалары көрсетілген аргументтелген қорытындысы («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз») және философия докторы бойынша жоғары академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі баяндалған екі ресми оппоненттің екі рецензиясы болуы тиіс.

4.19 Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияға жеке пікірлер жазады.

4.20 Егер ғылыми консультант және/немесе сараптамалық комиссия «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берген жағдайда докторант докторлық диссертациясын қорғай алмайды.

4.21 Докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының кестесі күнтізбелік жылға жасалады және жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен бекітіледі. Осыған сәйкес, бір күнге үшеуден артық емес докторлық диссертацияны қорғау жұмыстары қойылады.

4.22 Докторлық диссертацияны қорғау нәтижесі стенограммамен рәсімделеді.

Докторлық диссертацияны қорғау нәтижесі бойынша диссертациялық кеңес екі шешімнің біреуін қабылдайды:

- 1) оң шешімді қабылдау кезінде - Комитетке докторантқа философия докторы бойынша жоғары академиялық дәреже беру туралы қолдау білдіреді;

- 2) теріс шешім қабылдау кезінде - докторантқа философия докторы бойынша жоғары академиялық дәрежесін беруден бас тарту.

4.23 Докторлық диссертацияны қорғау жөнінде оң шешім қабылданған жағдайда кеңестің ғалым хатшысы докторлық диссертацияны қорғау туралы докторанттың жеке ісін қалыптастырады.

4.24 Докторлық диссертацияны қорғау туралы докторанттың жеке ісінде мынадай материалдар болуы тиіс:

- 1) докторлық диссертация;
- 2) ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 3) диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдардың тізімі;
- 4) қорғауға жіберілген ұсынымдамасы туралы шығарушы кафедраның шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі);
- 5) екі ресми оппоненттің рецензиялары;
- 6) докторлық диссертацияны қорғаудың стенограммасы;
- 7) докторлық диссертацияны қорғау бойынша құпия дауыс берудің нәтижесі туралы есеп комиссиясының хаттамасы;
- 8) жоғары білімі туралы дипломның көшірмесі;
- 9) кешенді емтиханды тапсыру туралы МАК отырысы хаттамасының көшірмесі;
- 10) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру жөніндегі транскриптің көшірмесі.

4.25 Докторлық диссертацияны қорғағаннан кейін бір ай мерзім ішінде докторлық диссертацияны қорғау туралы докторанттың жеке ісі білім және ғылым саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

4.26 Докторанттардың қорытынды аттестаттауы аяқталғаннан кейін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы докторанттардың қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы

бірыңғай есеп жасайды және екі апталық мерзімде жоғары оқу орнының басшысына ұсынады.

4.27 Докторанттардың қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы бірыңғай есепке кестелер мен түсіндірме жазба енеді.

Түсіндірме жазбада:

1) аталған мамандық бойынша жоғары оқу орнындағы докторанттардың дайындық деңгейлері;

2) кешенді емтиханда анықталған білім алушының біліміне мінездеме;

3) аталған мамандық бойынша докторанттарды даярлау сапасын талдау;

4) докторанттарды даярлаудағы кемшіліктер;

5) докторлық диссертациялардың ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай- күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі;

6) докторлық диссертацияларды орындаудың сапасы;

7) докторлық диссертацияларды қорғаудың деңгейі ғылыми жетекшісінің пікіріне, ресми оппоненттің рецензиясына сәйкестігі;

8) докторанттарды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі нақты ұсынымдамалар жөнінде мәліметтер болуы қажет.

4.28 Докторанттарды қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы есепке докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы қол қояды.

4.29 Докторанттарды қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы есеп жоғары оқу орнының ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

5 Келісу, сақтау және тарату

5.3 Осы университет ережесін талқылау және келісу Ғылыми кеңес отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді, университет ректоры - Ғылыми кеңес төрағасы тарапынан бекітіледі.

5.4 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі университет кеңсесіне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне жіберіледі.

5.5 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор қадағалайды.